

№ 4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.03. 2026

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланы дамытушы құрал - серуен»

Қатысқаны: 28

Өткізу формасы: іскерлік ойын.

Күн тәртібінде:

1. Педкеңестің шешімінің орындалуы (меңгеруші С.С. Баймағамбетова);
2. «Мектеп жасына дейінгі баламен серуен жүргізудің жалпы жағдайы» тексеріс қорытындысы (әдіскер И.А. Джанадилова);
3. «Балабақшадағы серуенді ұйымдастыру және бақылау» (әдіскер И.А. Джанадилова);
4. «Құстардың ұясын бақылау» (тәрбиеші А. Боккарина);
5. «Ересек тобына арналған серуен картотекасы» (тәрбиеші Г. Азирбекова);
6. Іскерлік ойын: «Мектеп жасына дейінгі баланы дамытушы құрал - серуен» (әдіскер И.А. Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С. Баймағамбетова үшінші педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалғанын айтты.

2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі баламен серуен жүргізудің жалпы жағдайы» тексеріс қорытындысы» туралы баяндама оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес, 2025-2026 о.ж. наурыз айының 26 мен 27 аралығында балабақшада тақырыптық тексеріс жүргізілді.

Мақсаты: серуендеуді ұйымдастыру арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыру. Тәрбиешілердің таза ауада балалардың қозғалыс белсенділігі режимін сақтауы.

Жас топтары: ересек, мектепалды топтар

Өткізу мерзімі:

Міндеттері:

- өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының жинақылығы;
- серуенге алып шығатын материалдардың болуы;
- Табиғат бақылауларын ұйымдастыру;
- Серуендегі ойын қызметін ұйымдастыру

Тексеріс нәтижесі төмендегідей болды:

Серуендеу режимі әрбір жас тобының күн тәртібіне және ауа райы жағдайларына сәйкес сақталады және іске асырылады. Барлық тәрбиешілер серуендеуді жоспарлауға жауапкершілікпен қарап дайындалады. Жоспарларда серуенде балалар қызметінің барлық түрлері белгіленген. Барлық топтардың балалары жасына сәйкес өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырды. Барлық топтарда жыл мезгілдері үшін жеткілікті мөлшерде серуенде қолданылатын материалдар бар. Сонымен бірге педагогтер еңбек қызметін ұйымдастырады. Серуендеу кезіндегі қимыл-қозғалыс режимі негізінен сақталады. Ауа-райына байланысты педагогтер қимыл-қозғалыс және аз қимылдық ойындарды ұйымдастыра

біледі. Алайда, кейбір топтарда қимыл-қозғалыс режимін ұйымдастыру тәрбиеші тарапынан мұқият дайындауды қажет ететіндігін атап өтуге болады.

Топтарда табиғатта серуендеуге және бақылауға арналған әдістемелік әдебиеттер бар. Барлық топтағы балалардың жасына қарай өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қалыптасқан. Дидактикалық ойындар мен рөлдік ойындарды өткізу барлық педагогтердің ерекше көңіл бөлулерін талап етеді. Серуен кезіндегі сюжеттік-рөлдік ойындар мен баламен жүргізілетін жеке жұмыстарды ұйымдастыруды барлық топтар-дерлік көрсете алған жоқ.

Мектепалды «Балапан» топтарының серуендеуді ұйымдастыру жұмыстары тексерілді. Серуенді тәрбиешілер М.Абдигазиева, А.Толыбайқызы ұйымдастырды. Серуен жұмысы төмендегідей жүргізілді:

Тақырып: «Табиғат жайлы әңгімелесу»

Мақсаты: Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.

-Табиғат дегеніміз не?

Табиғат-жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта.

Мақал-мәтел: «Адамның табиғатсыз күні жоқ. Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ»

Еңбек: Топ ауласын бұтақтардан, қоқыстан тазалау.

Мақсаты: Балаларды тазалыққа бейімдеу, еңбекке баулу.

Балабақшада ойналатын балаларға арналған қимылды ойындар топтамасы:

«Өз үйінді тап»

Ойын шарты: Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар-біріншітұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде -ит, үшіншісінде -мысық, төртіншісінде -аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқаумен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды. Тәрбиешінің «Жанбыр жауа бастады» деген нұсқаумен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып, қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

«Жүгіріп қағып ал»

Ойын шарты: Балалар ойын алаңын да еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да, өзі қағып, алып, «Қағалмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

«Құстың қауырсыны кімге барады»

Ойын шарты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала-жан-жаққа қаша жүгіреді, ойын жалғасады.

«Жалауға қарай жүгір»

Ойын шарты: балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап, кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауды көтеріп, жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

«Күн мен жаңбыр»

Ойыншарты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап, жүреді, гүлтереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

«Ұшақтар»

Ойын шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады» деген кезде барлық бала ұшақ болып, ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Автобус»

Ойын шарты: Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізуші. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу кейін

жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

Ересек «Көбелек», «Тәй-тәй», «Ақбота» топтарының серуендеуді ұйымдастыру жұмыстары тексерілді. Серуенді тәрбиешілер Ж.Түлегенова, А.Аманғалиева, А.Утарбаева ұйымдастырды. Серуен жұмысы төмендегідей жүргізілді:

Тақырыбы: Халін қалай, канатты дос? (бақылау)

Мақсаты: Жыл құстары туралы білімдерін пысықтау. Балаларға құстар туралы білімдерін бекіту. Құстардың дене пішіндерін айта білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстарға қамқор бола білуге баулу.

Серуеннің барысы

Көркем сөз

Құстар бейне жастардай
Тұра алмайды ән салмай.
Боз ала танда боз торғай
Қоя алмайды қарсы алмай.

Мысал сұрақтар:

- Қандай құстарды білесіңдер?
- Құстарды біз қандай досымыз дейміз?
- Неге күзде кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді?
- Қыстап қалған құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек?
- Құстардың адамға пайдасы бар ма?
- Егер құстар болмаса не болады?
- Құстар қалай жуынады?

Жыл құстары туралы жұмбақ:

1. Бұлдыр-бұлдыр балшықты, 2. Ұзақ тектес құс,
Жинады да талшықты. Шіркей жеп.
Ұқсатып қамытқа Ауыл маңынан,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш) Ұзап кетпес құс. (Қараторғай)
2. Тықылдатып мазаны ап, 3. Қалқып тұрып аспанда,
Ағаштарды тазалап, Үн шығарып сән қилы.
Ормандарды емдейді, Өнеріне басқанда,
Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)

Ауладағы еңбек: Ауланы жинастыру.

Ұ.о: «Лак ұстау»

Мақсаты: Жүгіру дағдысын дамыту.

Мазмұны: Ойын үшін тандалған аумаққа «лак» -бала жіберіледі. Оны ұстап алу керек. Лакты бірінші болып ұстаған ойыншы оны жетекші белгілеген орынға жеткізу тиіс.

Дербес ойын: Жеке жұмыс: Жұмбақ шешкізу.

Құрал-жабдықтар: Сыпырғыш.

Серуендеуді ұйымдастырудағы кемшіліктер:

- Серуеннің құрылымы әрдайым сақталмайды;
- кейбір топтарда серуендеуге, тәрбиешінің көмекшісінің тарапынан серуенге дайындық кезінде көмек тиісті деңгейде жүргізілмейді.

Ұсыныстар:

1. Барлық жастағы топтардың тәрбиешілері тақырыптық жоспарлауға сәйкес дидактикалық ойындар өткізу;
2. Серуен кезінде балалардың еңбек іс-әрекетін мұқият ұйымдастыру;
3. Серуен кезінде барлық топтарға қимыл-козғалыс режимін түрлендіру, баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимыл – козғалыс ойындарын және аз қимылды ойындарды ұйымдастыру

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Балабақшадағы серуенді ұйымдастыру және бақылау» тақырыптық тексерістің қорытындысын оқыды:

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым - қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Көрнекті психолог С. Л. Рубинштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп қарастырады. Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды. Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық күзиреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты. Баланың жан-жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну – танып білу – жүзеге асыру» - осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді тандап алудың маңызы зор. Төменде берілген серуен кезінде ұйымдастырылатын бақылау үлгілері тәрбиешіге баланы қоршаған ортамен таныстыруға, серуенді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Серуен – мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі.

Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын-алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті:

- Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру;
 - Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру;
 - Баланың қимыл белсенділігін арттыру;
 - Баланың танымдық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету.
- Серуенді дұрыс ұйымдастыру:** бала денсаулығын нығайту, балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, киімі ыңғайлы болуы, жыл мезгіліне сай киінуі дұрыс жолға қойылғанда ғана баланың салауатты өмір салтының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Серуен түрлері (өтілу орнына қарай):

1. Балабақша аумағында;
2. Мектепке дейінгі мекеменің территориясынан аулаққа жаяу серуен (ересек топтар 2 километрге дейін)

Балалар киіміне қойылатын талаптар:

- Баланың киімі жыл мезгіліне сай және баланың ыстықтап немесе тоңуына жол бермейтіндей, ауа-райына сәйкес болуы керек;
 - Температура +3 пен — 3°C аралығында болған жағдайда баланың киімі (іш киімді қосқанда) 3 қабаттан тұруы қажет. Сырт киім жылы күртеше, шалбар немесе Ғамаж; аяқтарында жылы бәтеңке;
 - Температура — 4 пен — 10°C аралығында болған жағдайда балаларға қысқы қалың күртеше мен 3 қабатты киім болуы шарт.
 - Температура одан төмен болған жағдайда киім қабаттарын 4-5-ке дейін, киім жытылығына қарай көбейту қажет.
- Жазғы маусымда күн тимеу үшін жазғы жеңіл күнқағар бас киім қажет.

Серуеннің мазмұны:

1. Бақылау;
2. Еңбекке баулу;
3. Қимыл белсенділігін арттыру: қимылдық, спорттық ойындар мен жаттығулар;

4. Баламен жеке жұмыстар

5. Балалардың өз бетінше әрекеті.

Серуен кезінде дене шынықтыру жаттығуларын жасау және қимыл-қозғалыс ойындары баланың эмоционалды жағдайына және денсаулығына көп көмегін тигізеді.

Қысқы мезгілде серуен күніне 2 рет ұйымдастырылады. Ауа температурасының -15 градусқа дейін төмендеуі және желді күндері серуен уақыты қысқартылуы мүмкін.

Бала денсаулығын және өмірін сақтау мақсатында жұмыс уақыты басталғаннан тәрбиеші және тәрбиеші көмекшісі ойын алаңын тексерген жөн. Сынған шөлмек, тастардан үнемі тазартып отыру керек. Серуенге шығар алдында тәрбиеші көмекшісі ойын алаңын дайындау қажет. Тәрбиеші серуеннің қызықты өтуіне алдын-ала (серуеннің жүрісін, ойын құралдарын) дайындауы тиіс.

4. Төртінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Боккарина «Құстардың ұясын бақылау» тақырыбында баяндама оқып, серуеннің ұйымдастырылуын іс-тәжірибе жүзінде көрсетті:

Құстардың ұясын бақылау картотекасы

1. Бақылау: «Қайындағы құстың ұясы»

Мақсаты: Балаларға құстардың ұя салу ерекшеліктері туралы түсінік беру. Ұяның жеке бөліктерін (бұтақтар, шөптер, мамық) көрсету, құстарды қорғауға тәрбиелеу.

Бақылау барысы: Ағаш басындағы ұяны табу. Құстардың ұяны неден салатынын талқылау. Ұяның пішінін, орналасқан биіктігін бақылау.

Сұрақтар: Ұяны қай құс салды? Ұя неден жасалған? Ұяда балапандар бар ма?

Тыйым сөз: «Құстың ұясын бұзба, қарғысына ұшырайсың».

2. Бақылау: «Құстардың ұшып келуі және ұя салуы»

Мақсаты: Көктемдегі құстардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту.

Бақылау барысы: Ағаштардың бүршік жаруымен бірге құстардың белсенділігін бақылау. Ұяға құрғақ бұтақтар тасып жатқан құстарды көру.

Мақал-мәтел: «Құс — бағың, бак — құсың».

Әрекет: Құстарға мамық немесе жіп қалдықтарын (ұяға пайдалану үшін) қалдыру.

3. Бақылау: «Ұядағы балапандар»

Мақсаты: Құстардың балапандарына қамқорлығын бақылау. Табиғат құбылыстарының заңды байланысын түсіндіру.

Бақылау барысы: Ұядан шыққан дыбыстарды тыңдау (балапандардың тамақ сұрауы). Аналық құстың балапандарын қалай қорғайтынын бақылау.

Ереже: Ұяға жақын бармау, шуламау.

4. Бақылау: «Құс үйшігі» (Скворечник)

Мақсаты: Балаларға адамдардың құстарға қалай көмектесетінін көрсету. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Бақылау барысы: Ағашқа ілінген құс үйшігін бақылау. Оған қандай құстар келіп қонғанын анықтау (торғай, қараторғай).

Өңгімелесу: Құстардың үйшікті қалай тазалайтыны туралы айту.

Бақылауға қосымша материалдар

Дидактикалық ойын: «Кімнің ұясы?», «Құстардың үйін тап».

Ұлттық ойын: «Торғайлар мен тырналар».

Мақсатты серуен: Мектеп ауласындағы барлық ұяларды санау.

Бақылаудың негізгі ережесі: Құс ұясын бұзуға, балапандарды қолға алуға және ұяға жақын барып шулауға қатаң тыйым салынады.

5. Бесінші сұрақ бойынша тәрбиеші Г.Азирбекова «Ересек тобына арналған серуен картотекасы» тақырыбында баяндама оқып, серуеннің ұйымдастырылуын іс-тәжірибе жүзінде көрсетті:

Күннің көзін бақылау.

(коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

Максат-міндеттер. Өлі табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауарайын белгілеу (суық, жылы, күншуақты), соған сәйкес киіну.

Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау: күн ашық, себебі аспан бұлттардан таза, түсі көк. Күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Күн көзіне қарамау ережесін бекіту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Сөз өнеріне, жұмбақты шешуге баулу.

Жұмбақ.

Жұрттың бәрі соны сүйеді,

Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі)

Аспан көгін баурап алып, жайғасқан,

Таңнан бері біздің ойға ұласқан,

Күн қарайды оттай жылы жүзімен,

Күн сайын ол қоштасады құзымен.

Түн кезегін күманданбай береді,

Таң атқанша жауап сұрап келеді:

– Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді?

Жарығың боп мен бастайын күніңді. (Д. Ахметова)

Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса, соғұрлым жылуды көп береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.

Тәжірибе: кара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру. Шешім қабылдау.

«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: самалжайды жинау.

(коршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)

Максат-міндеттер. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру:

бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау.

«Қоймадағы тышқандар» қимыл-қозғалыс ойыны.

(дене тәрбиесі)

Максат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға, жылдамдыққа, икемділікке, ептілікке тәрбиелеу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Жүгіру дағдыларын, кеңістікті бағдарлауды жетілдіру.

"Келергілер жолы" қимыл-қозғалыс ойыны.

(дене тәрбиесі)

Максат-міндеттер. 4–5 сызыктан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр)

секіруді жетілдіру. Физикалық қасиеттерді: күш, шапшаңдық, шыдамдылықты дамыту.

«Допты дәлдеп тигіз» қимылды ойыны.

(дене тәрбиесі)

Максат-міндеттер.

Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау.

«Күн мен түн» қимыл-қозғалыс ойыны.

(дене тәрбиесі)

Максат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; кеңістікті бағдарлауды жетілдіру.

«Қапшықты түсіріп алма» қимылды ойын-жаттығуы.

(дене тәрбиесі)

Максат-міндеттері. Сызықтардың бойымен, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып (кедергілерден аттап өтіп), жүру дағдыларын жетілдіру. Шыдамдылыққа, ептілікке баулу.

Шешімі:

1. Топтардағы серуен картотекаларын толықтыру;
2. Серуен кезінде балалардың еңбек іс-әрекетін мұқият ұйымдастыру;
3. Серуен кезінде барлық топтарға қимыл-қозғалыс режимін түрлендіру, баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимыл – қозғалыс ойындарын және аз қимылды ойындарды ұйымдастыру.

Төрайымы:

Хатшы:



С.С. Баймағамбетова

А.А. Боккарина